

8D02301 – «Қазақ филологиясы» білім беру бағдарламасы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесіне іздену үшін ұсынылған Испандиярова Айнуր Тюлюгеновнаның «Қазақ халық лирикасының лингвофольклортанулық аспектісі» тақырыбындағы диссертациялық жұмысына ресми рецензенттің пікірі

№	Критерийлер	Критерийлер сәйкестігі	Ресми рецензенттің ұстанымдары
1.	Диссертация тақырыбының (бекіту күніне) ғылымның даму бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкес болуы	1.1. Ғылымның даму бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкестігі:	Диссертант Испандиярова Айнур Тюлюгеновнаның «Қазақ халық лирикасының лингвофольклортанулық аспектісі» тақырыбындағы зерттеу жұмысы ҚР Үкіметі жанындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссия бекіткен ғылым дамуының басым бағыттарына сәйкес жүргізілген:
		1) Диссертация мемлекет бюджетінен қаржыландырылатын жобаның немесе нысаналы бағдарламаның аясында орындалған (жобаның немесе бағдарламаның атауы мен нөмірі):	1. ҚР-да білім беруді және ғылымды дамытудың 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы (ҚР Үкіметінің 2019 жылғы 27 желтоқсанындағы №988 қаулысы); 2. ҚР-да тіл саясатын дамытудың 2023-2029 жылдарға арналған тұжырымдамасы (ҚР Үкіметінің 2023 жылғы 16 қазандағы №914 қаулысы); 3. «Ұлттық рухани жаңғыру» ұлттық жобасы (ҚР Үкіметінің 2021 жылғы 12 қазандағы №724 қаулысы).
		2) Диссертация басқа мемлекеттік бағдарлама аясында орындалған (бағдарламаның атауы)	2) Диссертанттың «8D02301 – Қазақ филологиясы» мамандығы аясында жүргізілген жұмысы гуманитарлық бағыт аясындағы мемлекет бюджетінен қаржыландырылатын жоба негізінде орындалған.
		3) Диссертация ҚР Үкіметі жанындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссия бекіткен ғылым дамуының басым бағытына сәйкес (бағытын көрсету)	3. Зерттеу жұмысы білім беру мен ғылымды, тіл саясатын даму мен ұлттық рухани жаңғыру бағдарына қатысты мемлекеттік бағдарламаларда көрсетілген басымдықтарға сәйкес келеді.
2.	Ғылымға маңыздылығы	Жұмыс ғылымға елеулі <u>үлесін қосады</u> /қоспайды, ал оның маңыздылығы <u>ашылған</u> /ашылмаған	Диссертация тақырыбының өзектілігінің зерттеу мазмұнында жан-жақты ашылуы жұмыстың ғылымға өзіндік үлес қосатынын көрсетеді. Қара өлең, тарихи өлең және ән өлеңдердің лингвофольклортанулық аспектісін зерделеу – бұл кешенді талдау, когнитивтік модельдеу, халықтық дүниетанымның

			құрылымын жүйелеу, ұлттық когницияны сипаттау тұрғысынан маңызды. Тақырыптың өзектілігі оның қазіргі когнитивтік лингвистика мен әдебиеттану, фольклортану ғылымдарының тоғысындағы жаңашыл бағыттармен үндесуінде, ұлттық дүниетанымды танудағы практикалық маңыздылығында жатыр. Жұмыста ұсынылған тұжырымдар мен пайымдаулар, алынған нәтижелер қазақ халық ауыз әдебиеті, қазақ тіл біліміндегі когнитивтік зерттеудің ғылыми-теориялық ұстанымдарын айқындауға үлесін қосады және фольклортану, когнитивтік лингвистика, стилистика және тіл мәдениеті салалары бойынша ізденістерге ғылыми-теориялық негіз бола алады.
3.	Өзі жазу принципі	Өзі жазу деңгейі: 1) жоғары; 2) орташа; 3) төмен; 4) өзі жазбаған.	А. Испандиярованың диссертациясы зерттеу жұмысы жоғары деңгейдегі дербестігімен сипатталады: Біріншіден, «Бабалар сөзі» жүзтомдығындағы тарихи өлеңдер, қара өлеңдер, ән өлеңдерден жинақталған мол деректер, қазақ халық лирикасының поэтикасы, концептосферасы, концептілерді құрайтын тілдік таңбалар мен бірліктер зерттеу тұғырының негізділігін және дербестігін дәйектейді. Автор ауыз әдебиетінің үлгілері – «қара өлең», «тарихи өлең», «ән өлең» ұғымдарын «ұлт-тіл-таным» үштігінде қарастырып, фольклортану, когнитивтік лингвистика, әдебиеттану ғылымдар тоғысында сөз етеді. Фольклор – осы үштіктің түйісетін кеңістігі. Әр жанрлық түр ұлттың дүниетанымын тіл арқылы бейнелеп, рухани кодын сақтайды. Жалпы Интеграциялық сипатта зерттеу арқылы диссертант лирикалық мәтіндердегі тілдік концептілерді қазақ халық этномәдени менталитетінің бейнесі ретінде қарастырады. Ізденушінің өзі жазу деңгейі тіл біліміндегі салыстырмалы талдау, сипаттама, концептілік талдау, жинақтау және оны түсіндіру, бақылау, қорыту әдістерінің тиімді

			қолданылуы – фольклорлық мәтіндердің тілдік құрылымын, поэтикалық тілін, образдылығын және ұлттық таныммен сабақтастығын саралау арқылы халықтың дүниетанымын тануға жол ашатындығын әр концептіні талдағандағы когнитивтік модельді жасау кестелерінен де көрінеді.
4.	Ішкі бірлік принципі	4.1. Диссертация өзектілігінің негіздемесі: 1) <u>негізделген</u> ; 2) жартылай негізделген; 3) негізделмеген	Диссертациялық жұмыстың өзектілігі толығымен негізделген: «қара өлең» – ұжымдық эмоционалды код, «тарихи өлең» – ұжымдық тарихи жады, «ән өлең» – ұжымдық эмоционалды-музыкалық код. Барлығы да ұлттың тілдік бейнесін сақтап, танымдық дүниетанымын жалғастырады. Қазақ фольклорындағы халық лирикасын, қара өлең, тарихи өлеңдердің поэтикалық ерекшелігін және солардың концептосферасын, түрлі концептілердің тілдік таңбаларын айқындауға қатысты белгіленген диссертацияның <u>мақсатына</u> орай төмендегі міндеттердің қарастырылуы диссертацияның өзектілігін негіздейді: жұмысқа негіз болатын теориялық, әдістемелік қағидаларды айқындау және зерттеу барысында сүйенген теориялық тұжырымдарын негіздеу; қазақ халық лирикасының жанрлық табиғатын саралау; қазақ халық лирикасындағы қара өлеңдердің, тарихи өлеңдердің поэтикалық құрылымын талдау; қазақ халық лирикасындағы негізгі поэтикалық көріктеуіш құралдардың қызметін көрсету; қазақ халық лирикасындағы концептілерді айқындап, бейнелейтін негізгі бейне-символдарды сипаттау; қазақ халық лирикасында көрініс тапқан «өмір», «өлең», «махаббат» метафизикалық концептілерді құрайтын тілдік таңбалар мен бірліктерді айқындау; ақиқат дүние бейнесін танытатын «дала», «туыстық» «батыр» концептілерінің тілдік құралдар арқылы берілу жолдарын анықтау; қазақ халық лирикасындағы «бақыт» концептісінің танымдық сипатын зерттеу; қазақ халық лирикасындағы

			«жақсы мен жаман» концептісінің мәнін ашу үшін контрасты талдау жүргізу.
		4.2. Диссертация мазмұны диссертация тақырыбын айқындайды: 1) <u>айқындайды</u>; 2) жартылай айқындайды; 3) айқындамайды.	А.Т. Испандиярованың «Қазақ халық лирикасының лингвофольклортанулық аспектісі» тақырыбындағы диссертациясы екі бөлімнен, қорытынды, пайдаланған әдебиеттер тізімінен тұратын құрылымы зерттеу жұмысының мазмұны белгіленген тақырыпқа сай екенін көрсетеді. Диссертацияның бірінші бөлімінде қазақ халық лирикасының жанрлық сипаты, қоғамда ақпарат таратушылық қызметі, көркемдік-эстетикалық ерекшелігі, поэтикалық көркем бейнелер талданады. Қара және өлең деген сөздердің этимологиясы қазақ халқының ұлттық дүниетанымы негізінде талданады. «Қара» сөзінің «ескі», «көне» және «қасиетті» өлең деген ұғымдарды білдіретіні анықталады. «Қара өлең» дегеніміз – ескі, қасиетті өлең деген мағынаны білдіреді деген қорытынды жасалады. Қазақ фольклорында қара өлең, тарихи өлең жанрының поэтикасы тақырыптық, құрылымдық-композициялық тұрғыдан кешенді түрде қарастырылады. Қазақ халық лирикасындағы халықтың ментальдық кеңістігін танытатын көріктеуіш құралдардың (эпитет, метафора, гипербола т.б.) жүйесіне талдау жасалған. Екінші бөлімде қазақ халық лирикасының – қазақ тіл білімінің лингво-когнитивтік кеңістігіндегі функциясы қарастырылады. Қазақ халық лирика метафизикалық, эмоционалды, ұлттық-мәдени, контраст концептілердің құрылымын талдап, әртүрлі тілдік құралдармен көркем эстетикалық деңгейде вербалдануын зерттеу үшін негізгі нысана етіп қазақ халық лирикасы алынған. Қазақ халық лирикасындағы концептілер айқындалып, бейнелейтін негізгі бейне-символдар сипатталады. Қазақ халық лирикасында көрініс тапқан «өмір», «өлең», «махаббат» метафизикалық концептілерді

			құрайтын тілдік таңбалар мен бірліктерді айқындалады. Ақиқат дүние бейнесін танытатын «дала», «туыстық» «батыр» концептілерінің тілдік құралдар арқылы берілу жолдарын анықталады. Қазақ халық лирикасындағы «бақыт» концептісінің танымдық сипатын зерттеледі. Қазақ халық лирикасындағы «жақсы мен жаман» концептісінің мәнін ашу үшін контрасты талдау жүргізіледі. «Өмір», «өлең», «махаббат», «дала», «туыстық» «батыр», «жақсы мен жаман» концептілерінің когнитивтік моделі құрастырылған. Қазақ халық лирикасында бұл концептілер халықтың өмір тәжірибесін, салт-дәстүрін, болмысын тереңнен көрсеткені және ол арқылы тұлғалық және ұжымдық санада дүние бейнесінің таңбалану ерекшелігі мен тілдік көрінісі ажыратылғандығы дәйектеледі. Екінші бөлімде В фон Гумбольдт, А.А. Потебня, И.Хомский, В.Маслова, А. Вежбицкая, В.А. Маслова, Е.С.Кубрякова, Ә.Қайдар, Р.Сыздық, Н.Уәлиев, Ж.Манкеева, Э.Оразалинова, Қ.Жаманбаева, Б.Тілеубердиев, Г.Гиздатов, Г.Смағұлова, Т.Күштаева, Б.Нұрдәулетова, т.б. ғалымдардың ғылыми еңбектерін басшылыққа алады.
		4.3. Мақсаты мен міндеттері диссертация тақырыбына сәйкес келеді: 1) <u>сәйкес келеді;</u> 2) жартылай сәйкес келеді; 3) сәйкес келмейді.	Қазақ халық лирикасы және оның тілін зерттеу барысын талдау нәтижесі диссертациялық жұмыстың негізгі мақсаты мен оны жүзеге асырушы міндеттерінің диссертация тақырыбымен толық сәйкес келетінін көрсетеді. Диссертациялық жұмыстың қазақ фольклорындағы халық лирикасын, қара өлең, тарихи өлеңдердің поэтикалық ерекшелігін және солардың концептосферасын, түрлі концептілердің тілдік таңбаларын айқындау мақсатын жүзеге асыру үшін белгіленген міндеттер - жұмысқа негіз болатын теориялық, әдістемелік қағидаларды айқындау және зерттеу барысында сүйенген теориялық тұжырымдарын негіздеу, қазақ халық лирикасының

			жанрлық табиғатын саралау, қазақ халық лирикасындағы қара өлеңдердің, тарихи өлеңдердің поэтикалық құрылымын талдау, қазақ халық лирикасындағы негізгі поэтикалық көріктеуіш құралдардың қызметін көрсету, қазақ халық лирикасындағы концептілерді айқындап, бейнелейтін негізгі бейне-символдарды сипаттау, қазақ халық лирикасында көрініс тапқан «өмір», «өлең», «махаббат» метафизикалық концептілерді құрайтын тілдік таңбалар мен бірліктерді айқындау, ақиқат дүние бейнесін танытатын «дала», «туыстық» «батыр» концептілерінің тілдік құралдар арқылы берілу жолдарын анықтау, қазақ халық лирикасындағы «бақыт» концептісінің танымдық сипатын зерттеу, қазақ халық лирикасындағы «жақсы мен жаман» концептісінің мәнін ашу үшін контрасты талдау жүргізуі диссертацияның тақырыбына сәйкес келеді.
		4.4. Диссертацияның барлық бөлімдері мен құрылысы логикалық байланысқан: 1) <u>толық байланысқан;</u> 2) жартылай байланысқан; 3) байланыс жоқ.	Диссертацияның мазмұны сипатталған екі бөлім және олардың құрылымын ашатын бөлімшелер жұмыс мақсатына сәйкес өзара логикалық жүйеде байланысқан. Әр бөлімнің соңында талқылау нәтижелері түйінделіп отырады. Зерттеу барысында қол жеткен ғылыми нәтижелер, тақырыпқа қатысты келтірілген ғылыми-талдамалық ой-пікірлер ізденушінің диссертацияда жасаған түйіні және қорытындысымен сабақтасады. Жасалған түйіндердің бір-біріне жалғасып, туындап отыруы зерттеудің біртұтастығы негізіндегі қорытындыға әкелген.
		4.5. Автор ұсынған жаңа шешімдер (қағидаттар, әдістер) дәлелденіп, бұрыннан белгілі шешімдермен салыстырылып бағаланған: 1) <u>сыни талдау бар;</u> 2) талдау жартылай жүргізілген;	Ізденуші «қара өлең», «тарихи өлең», «ән өлең» ұғымдарын «ұлт – тіл – таным» үштігінің аясында қарастырып, оларды фольклортану, когнитивтік лингвистика және әдебиеттану ғылымдарының тоғысында зерделейді. Қазақ халық лирикасының тілін кешенді талдау арқылы когнитивтік модельдеу, халықтық дүниетанымның құрылымын жүйелеу, ұлттық

		3) талдау өз пікіріне емес, басқа авторлардың сілтемелеріне негізделген.	когницияны сипаттау тұрғысынан маңыздылығын көрсетеді. Автор Ә.Қайдар, Ж.Манкеева, Г.Смағұлова т.б. ғалымдардың принциптеріне сүйене отырып, зерделейді. Автор қазақ халық лирикасының танымдық принциптерін атап өтеді: 1. Тіл – ұлттық танымның көрінісі. Қазақ лирикасы – халықтың дүниені қалай қабылдап, бағалайтынын, сезінетінін көрсететін көркем тілдік құрылым. Халық әндеріне негіз болған лирикалық мәтіндер әдетте музыкалық әуезбен бірге айтылады, тұрмыс-тіршілікке, жеке тағдырға қатысты. Когнитивтік лингвистикада ән өлең – сөз бен әуеннің синкретизмі арқылы танымдағы эмоционалды кодты ашады. Музыка мен тіл бірге ұлттық сезімдік тәжірибені сақтайды. Мысалы, табиғатты, махаббатты, ерлік пен азаматтықты суреттеуде қазақи дүниетаным мен сезім моделі көрінеді. 2. Концепт арқылы тану Лирикада жиі кездесетін «өмір», «өлең», «батыр», «махаббат», «дала», «туыстық», «бақыт» т.б. сөздер – концепт ретінде ұлттың танымдық кеңістігін құрайды. 3. Фреймдік ұйымдасу Лирикалық шығармаларда белгілі бір фреймдер (сценарийлер) жиі қайталанатын. Мысалы: Өмір концептісінің мағынасын ашатын фреймдер: <i>өмір – шолақ, өмір – жастық шақ, өмір – судағы балық, өмір – кең сарай, өмір – бұлақ, өмір – қуғанменен жеткізбейді, өмір – шекер дүние, өмір – жалған, өмір – арман, өмір – түпсіз дария, өмір – бір қисық жол.</i> Әр фреймдік құрылыстың мағынасы жеке-жеке талдауға түсті. Байқағанымыздай, қара өлеңдер жинағындағы өмір концептісі қоғамдық санасы белгісіздік, шекер дүние, шолақ өмір тіркестерімен бейнеленген сол замандағы түсініктер мен ассоциацияларды көруге болады.
--	--	---	--

			4. Символ – халықтық дүниетаным мен ұжымдық сананың көрінісі. Мысалдар: • Қара – қайғы, қасірет (қара жамылу) • Ақ – тазалық, адалдық (ақ босаға, ақ тілек) • Жол – тағдыр, өмір жолы 5. Скрипт – мәдени-танымдық жадыда сақталған стандартты эмоциялық және әлеуметтік мінез-құлық моделі. Мысалдар: Махаббат скрипті: Көз тию → ғашық болу → қауышу/айырылысу → сағыныш → зарығу. Қыздың арманы скрипті: Ұнату → сыр сақтау → күтім → арманда қалу. Азаматтық скрипт: Елге қызмет ету → ерлік → құрбан болу → есім қалу.
5.	Ғылыми жаңашылдық принципі	5.1. Ғылыми нәтижелер мен қағидаттар жаңа болып табыла ма? 1) <u>толығымен жаңа болып табылады;</u> 2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады); 3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады).	Диссертацияның нәтижелері мен қағидаттары жаңа болып табылады. Біріншіден, концепт ұғымы кешенді құрылым деп танылып, оның қазақ халық лирикасы мәтініндегі лингвокогнитивтік ерекшеліктері көрсетіледі. Қазақ фольклорында қара өлең, тарихи өлең жанрының поэтикасы тақырыптық, құрылымдық-композициялық тұрғыдан кешенді түрде қарастырылады. Екіншіден, қара өлеңдер, тарихи өлеңдер, ән өлеңдердегі қазақ халық лирика метафизикалық, эмоционалды, ұлттық-мәдени, контраст концептілердің құрылымын талдап, әртүрлі тілдік құралдармен көркем эстетикалық деңгейде вербалдануын зерттеледі: 1. Қазақ халық лирикасындағы «өлең» концептісі алғаш рет кешенді лингвофольклортанулық тұрғыда қарастырылған. Автор зерттеу барысында «өлең» концептісінің когнитивтік моделін құруда 10 ассоциация, 6 фрейм, 4 стереотип, 7 символ, 4 скрипт, 3 ойсурет, 3 сценарий, 3 мақал жинақтаған. 2. Қазақ халық лирикасындағы концептілер айқындалып, бейнелейтін негізгі бейне-символдары сипатталады.

			3.Қазақ халық лирикасында көрініс тапқан «өмір», «махаббат», «дала», «туыстық», «батыр», «бақыт», концептілерді құрайтын тілдік таңбалар мен бірліктерді айқындалады және танымдық сипаты зерттеледі. 4. Қазақ халық лирикасындағы «жақсы мен жаман» концептісінің мәнін ашу үшін контрасты талдау жүргізеді. 5. Әр концептінің когнитивтік моделін жасау арқылы этностың ұрпақтан-ұрпаққа үзілмей жеткен ментальді жүйесі ауыз әдебиет үлгілерін, әр халықтың ұлттық танымын танытатын ассоциация, фрейм, стереотип, символ, скрипт, ойсурет, сценарийлік және схемалық құрылымдар, мақал - мәтелдер анықталған.
		5.2. Диссертацияның қорытындылары жаңа болып табыла ма? 1) <u>толығымен жаңа</u>; 2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады); 3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады).	Ізденуші тарапынан жүргізілген ғылыми-зерттеу жұмысы барысында теориялық және практикалық маңызы бар төмендегідей нәтижелер негізінде зерттеу жұмысы бойынша қорытынды жасалған: Бірінші қорытынды жаңа болып табылады. Жоғарыда атап көрсеткеніміздей, ауыз әдебиетінің үлгілері – «қара өлең», «тарихи өлең», «ән өлең» ұғымдарын «ұлт-тіл-таным» үштігінде қарастырып, фольклортану, когнитивтік лингвистика, әдебиеттану ғылымдар байланысы, тіл арқылы ұлт болмысын танытуға байланысты лингвофольклортанулық, этнолингвистикалық т.б. зерттеулер өріс алуда. Фольклорлық шығармалардағы «ұлт-тіл-таным» үштігін зерттеу қазіргі таңда қазақ тіл білімінде жаңадан дамып келе жатқан когнитивтік бағытқа үлес қосып, дәстүрлі поэзияны жаңа ғылыми парадигмада пайымдауға жол ашады. Екінші қорытынды – лингвофольклортанулық зерттеу – фольклорлық мәтіндердің тілдік құрылымын, поэтикалық тілін, образдылығын және ұлттық таныммен сабақтастығын саралау арқылы ұлттық танымды тануға жол ашады. Үшінші қорытынды – жаңа. «Дала», «ауыл», «бақыт», «өлең» сияқты концептілердің лирикалық жырларда тек жеке лексемалар ретінде емес,

			фольклорлық семантикалық элементі ретінде жұмсалатынын және олардың метафоралық, ассоциативтік деңгейде ұлттық дүниетанымды танытатынын айқындайды. Төртінші қорытынды – жаңа. Қазақ халық лирикасының фольклортанулық сипатын қарастыру барысында қара өлеңнің тілдік жанрлық ерекшелігін, тарихи өлеңдердің тақырыптық-жанрлық табиғатын, танымын сипаттайтын бейнелі сөз орамдарын талдайды. Қазақ халық лирикасындағы метафизикалық концептілерге, атап айтқанда, «өмір», «өлең», «махаббат» концептілеріне және ұлттық-мәдени концептілерге («батыр», «дала», «туыстық», «бақыт»), «жақсы мен жаман» контраст концептілеріне когнитивтік және дискурсттық талдау жүргізілді 5-қорытынды. Халық ауыз әдебиетінің үлгілері – қара өлең мен тарихи өлеңнің ән өлеңнің этнос болмысымен байланысын, лирикалық ерекшелігін, фольклортанулық сипатын, танымдық жүйесін талдау арқылы зерттеуші қазақ халқының ментальді дүниесін көрсете білген.
		5.3. Техникалық, технологиялық, экономикалық немесе басқару шешімдері жаңа және негізделген бе? 1) толығымен жаңа; 2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады); 3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады).	Диссертациялық жұмыс мазмұны заманауи ғылымның даму бағыттарының техникалық, экономикалық, технологиялық немесе басқару шешімдеріне сай толығымен жаңа саналады және негізделген (салыстырмалы талдау, сипаттама, концептілік талдау, жинақтау және оны түсіндіру, бақылау, қорыту әдістері т.б. әдістер).
6.	Негізгі қорытындылардың негізділігі	Барлық қорытындылар ғылыми тұрғыдан қарағанда ауқымды дәлелдемелерде негізделген/ негізделмеген (qualitative research және өнертану және гуманитарлық бағыттары бойынша)	Заманауи лингвистиканың жаңа бағыттарын сипаттайтын жан-жақты ғылыми-әдістемелік негіз, тақырыптың жұмыс мазмұнында мақсаты мен міндеттері арқылы ашылуы, мол деректерге сүйеніп, кешенді талдау, когнитивтік модельдердің құрылуы арқылы дәйектелген. Мәліметтерді талдау нәтижесінде ұсынылған

			тұжырымдары зерттеу қорытындыларын толық негіздейді.
7.	Қорғауға шығарылған негізгі қағидаттар	Әр қағидат бойынша келесі сұрақтарға жауап беру қажет: 7.1. Қағидат дәлелденді ме? 1) <u>дәлелденді</u>; 2) шамалап дәлелденбеді; 3) дәлелденбеді. 7.2. Тривиалды ма? 1) иә; 2) <u>жоқ</u>; 7.3. Жаңа ма? 1) <u>иә</u>; 2) жоқ; 7.4. Қолдану деңгейі: 1) тар; 2) орташа; 3) кең; 7.5. Мақалада дәлелденген бе? 1) <u>иә</u>; 2) жоқ;	Диссертацияда қорғауға 6 тұжырым ұсынылған: Бірінші тұжырым: «Қара өлең, тарихи өлең және ән өлеңдер – қазақ халқының дүниетанымы мен тарихи жадын бейнелейтін когнитивтік құрылымдарға бай поэтикалық мәтіндер»: 7.1. дәлелденген 7.2. жоқ, тривиалды емес 7.3. жаңа; 7.4. кең; 7.5. иә. Екінші тұжырым: «Қазақ халық лирикасында кездесетін концептілер – ұлттық болмыстың, таным мен эмоцияның тілдік репрезентациясы»: 7.1. дәлелденген; 7.2. жоқ, тривиалды емес; 7.3. иә, жаңа; 7.4. кең; 7.5. иә, мақалаларда дәлелденген; Үшінші тұжырым: «Қазақ халық лирикасындағы көріктеуіш құралдардың (эпитет, метафора, гипербола т.б.) жүйесі халықтың ментальдық кеңістігін танытады»: 7.1. дәлелденген; 7.2. жоқ, тривиалды емес; 7.3. иә, жаңа; 7.4. кең; 7.5. иә, мақалаларда дәлелденген; Төртінші тұжырым: «Фольклорлық мәтіндердегі когнитивтік модельдер ұлттың рухани-мәдени кодтарын сақтайды және ұрпаққа жеткізеді»: 7.1. дәлелденген;

			7.2. жоқ, тривиалды емес; 7.3. иә, жаңа; 7.4. кең; 7.5. иә, мақалаларда дәлелденген; Бесінші тұжырым: «Лингвофольклортанулық тәсіл – халық мұрасын танудағы заманауи әрі нәтижелі бағыт» 7.1. дәлелденген; 7.2. жоқ, тривиалды емес; 7.3. иә, жаңа; 7.4. кең; 7.5. иә, мақалаларда дәлелденген; Алтыншы тұжырым: «Қара өлең, тарихи өлең және ән өлеңдерді лингвофольклортанулық аспектіде зерттеу – халықтың көркемдік әлемін, тілдік бейнесін, тарихи танымын, ұлттық құндылықтарын терең түсінудің ғылыми негізі» 7.1. дәлелденген; 7.2. жоқ, тривиалды емес; 7.3. иә, жаңа; 7.4. кең; 7.5. иә, мақалаларда дәлелденген;
8.	Дәйектілік принципі Дереккөздер мен ұсынылған ақпараттың дәйектілігі	8.1. Әдістеменің таңдауы негізделген немесе әдіснама нақты сипатталған: 1) иә; 2) жоқ;	Зерттеудің ғылыми-әдіснамалық негізі когнитивтік лингвистика, әдебиеттану, фольклористика ғылымдарының үндесуі тіл арқылы мәдениетті тарататын тіл мен мәдениеттің біртұтастығын ғаламның тілдік бейнесінде зерттейтін ғалымдардың тұжырымдарымен негізделген. Талдау әдістемесінің «жүйелілік», «антропоөзектік» және «сабақтастық» сияқты жалпы-философиялық ғылыми негізіне тілдік бірліктер мен көркемдік құрылымдарды зерттеу – қазақ халқының когнитивтік санасын, дүниетанымын және мәдени жадын зерделеудің тиімді жолы. Бұл аспектіде жүргізілетін зерттеулер ұлттық болмысты терең түсінуге, тіл мен мәдениеттің сабақтастығын нақты дәлелдермен негіздеуге мүмкіндік береді.
		8.2. Диссертация жұмысының нәтижелері компьютерлік технологияларды қолдану арқылы ғылыми	Диссертациялық жұмыстың нәтижелері ғылыми зерттеулерде қалыптасқан әдістер арқылы (сипаттамалы, салыстырмалы т.б.) өңделіп, талданған. Сонымен қатар, заманауи ғылыми зерттеулердің қазіргі заманғы әдістер ретінде

		зерттеулердің қазіргі заманғы әдістері мен деректерді өңдеу және интерпретациялау әдістемелерін пайдалана отырып алынған: 1) <u>иә</u> ; 2) <u>жоқ</u> ;	компьютерлік технологияларды қолдану арқылы деректерді өңдеу және интерпретациялау әдісі пайдаланылған. Зерттеу барысында жинақталған мәліметтер салыстырмалы талдау, сипаттама, концептілік талдау, жинақтау және оны түсіндіру, бақылау, қорыту әдістері мен когнитивтік модельдерді құру негізінде өңделген.
		8.3. Теориялық қорытындылар, модельдер, анықталған өзара байланыстар және заңдылықтар. Эксперименттік зерттеулермен дәлелденген және расталған (педагогикалық ғылымдар бойынша даярлау бағыттары үшін нәтижелер педагогикалық эксперимент негізінде дәлелденді): 1) <u>иә</u> ; 2) <u>жоқ</u> ;	Зерттеу барысында жасалған қорытындылар, модельдер, тақырыптық топтары анықталған. Заңдылықтар мен ассоциативтік байланыстар концептілік талдау әдісі зерттеулермен дәлелденген, халықтық дүниетанымның негізінде қалыптасқан негізгі концептілерді («өлең», «туыстық», «махаббат», «дала», «өмір», «батыр», «бақыт», «жақсы» мен «жаман») когнитивтік тұрғыдан модельдеумен расталған.
		8.4. Маңызды мәлімдемелер нақты және сенімді ғылыми әдебиеттерге сілтемелермен <u>расталған</u> ; ішінара расталған; расталмаған.	Зерттеу жұмысында көптеген материалдар осы зерттеуге дейінгі ғылыми жетістіктер көрініс тапқан ғылыми әдебиеттерге және фольклортанулық, әлеуметтанымдық, лингво-когнитивтік, мәдениеттану зерттеулердің тұжырымдарына сілтеме жасалу арқылы расталған.
		8.5. Пайдаланған әдебиеттер тізімі әдеби шолуға <u>жеткілікті</u> ; жеткіліксіз.	Диссертацияда пайдаланылған әдебиеттер саны – 129. Қазақ фольклорындағы халық лирикасын, қара өлең, тарихи өлеңдердің поэтикалық ерекшелігін және солардың концептосферасын, түрлі концептілердің тілдік таңбаларын айқындау үшін көрсетілген ғылыми-әдістемелік еңбектердің жұмыс тақырыбына тікелей қатысы бар және жеткілікті.
9.	Практикалық құндылық принципі	9.1. Диссертацияның теориялық маңызы бар: 1) <u>иә</u> ;	Тіл арқылы ұлт болмысын ашуға бағытталған қазіргі қазақ біліміндегі антропоэлекті бағыттың, соның ішінде когнитивтік лингвистика ұлт-тіл-

		2) жоқ;	таным үштігінде сияқты сабақтастығының аясын кеңейтіп, тілдік бірліктер мен таңбалардың бір-бірінен айырмасына тоқталуы, фольклортанулық, лингвомәдени, лингво-когнитивтік қырларын ашуға өзіндік теориялық үлес қосады.
		9.2. Диссертацияның практикалық маңызы бар және алынған нәтижелерді практикада қолдану мүмкіндігі жоғары: 1) <u>иә</u> ; 2) жоқ;	Алынған нәтижелер мен ғылыми-әдістемелік ұсыныстарды Зерттеу нәтижелерін, талдау жасалған тілдік деректер мен үлгі-модельдерді поэзиялық шығармаларға стилистикалық-лингвистикалық талдау жүргізу барысында, қазақ халқының фольклорлық шығармаларына арналған арнаулы курстарды оқыту барысында, жоғары оқу орындарында «Әдебиет теориясы», «Қазақ халық ауыз әдебиеті», «Көркем мәтінді лингвистикалық талдау», «Когнитивтік лингвистика», «Стилистика және тіл мәдениеті» пәндерінен дәріс беруде және фольклортану бойынша курстар мен оқу бағдарламаларын әзірлеу үшін пайдалануға болады. Сондай-ақ фольклор тілінің ұлт тілінің бастауында тұрған ерекше бір түрі ретінде зерттеулер жүргізуде қолдану мүмкіншілігі жоғары.
		9.3. Практикалық ұсыныстар жаңа болып табылады ма: 1) <u>толығымен жаңа</u> ; 2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады); 3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады).	Практикалық ұсыныстар тіл тұтынушы санасында ұлт болмысын тіл арқылы сақтап, рухани-мәдени құндылықтарды тануға, ұрпақтың өзіндік санасын қалыптастыруға, тұлғалық дамуына ықпал етуімен маңызды. Фольклорлық шығармаларды қара өлең, тарихи өлеңдер, ән өлеңдерді «ұлт-тіл-таным» үштігі сабақтастығында қарастырып, лингвофольклортанулық аспектіде зерделеу – кешенді талдау жұмыстың жаңалығын сипаттайды.

